● *Туған тілдің толғағы*

ТІЛ КӨРКЕЙМЕЙ, ЕЛ ӨРКЕНДЕМЕЙДІ

Аудармаға ғана арқа сүйеу алысқа апармайды

Ана тілін ардақ тұтқан Әділет департаментінің басшылығы өз бастамашылдығымен мемлекеттік тілге көшіп отыр

Өмір ЕСҚАЛИ,
"Егемен Қазақстан".

Президент "Ана тіліндегі" сұхбатында әр облыстың мемлекеттік тілге көшу кестесін қатаң бақылау қажеттігін баса айтқаны белгілі. Көп ұзамай "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Елбасының Жарлығы жарияланды. Онда мемлекеттік басқару органдарында іс жүргізуді мемлекеттік тілге кезеңкезеңмен көшірудің нақты мерзімі белгіленіп, Солтүстік Қазақстан облысы 2008 жылы толық мемлекеттік тілге көшетін болды. Қазір бұл бағытта қандай шаралар атқарылуда? Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде басымдыққа ие ме деген сауалдар туындайтын болса, облыстық Әділет департаменті басшылығымен жүзеге асып жатқан өрелі істерді мысал етуге болады. Солардың маңыздысы — ресми қағаздар мен іс-шаралардың мемлекеттік тілде жүргізілуі болып табылады. Нормативтік-құқықтық актілер алдымен қазақ тілінде әзірленеді. "Әділет органдары жүйесі маман-аудармашыларының мемлекеттік тілді іс қағаздарына енгізудегі аударма мен заңтерминдерін жетілдірудің өзекті мәселелері туралы" өңірлік семинардың осында өтуі кездейсоқ емес.

Семинарға қатысушылар Әділет департаментіндегі оң нышандарды қолдай келіп, мәлімет, ақпарат үлгілері, заңнама терминдерін дұрыс қолданудың тәжірибелеріне назар аударды. Актілік жазбаларды қазақ тілінде толтырудың үлгі-нұсқалары жөнінде нақты әдістемелік көмектер сол жерде көрсетілді. Былтырдан бері азаматтарды құжаттандыру және тіркеу қызметінің іс қағаздары үлгілерінің 70-тен астам түрі жасалыпты. Жылжымайтын мүлік орталығы, зертхана ұжымының қазақ тілін оқытуды ұйымдастыру, мемлекеттік тіл саясатын насихаттау үрдістері көңіл бөлерлік.

Бір өкініштісі сол, басқа мемлекеттік мекемелер жайлы жылы сөз айту ерте. Бірқатар басқару органдарында іс-қағаздары екі тілде жүргізілгенімен, ресми тілді қолдану әлі басым. Тіпті, ұлттық мамандар саны көп бола тұра құжаттардың дені және бір-бірімен ақпарат алмасудың қазақша жүргізілмейтіні түсініксіз. Бірталай басшылар ресми іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізбек түгіл, ілеспе аудармамен қамтамасыз ету ойларына кіріп-шығар емес. Мемлекеттік тілді басқару тіліне айналдыруды кезеңкезеңмен жүзеге асырудың кестесі қатаң сақтала бермейді. Елбасы сұхбатында "Тәуелсіздік алғанымызға 15 жыл өткенде ана тілінде екі ауыз сөздің басын құрай алмайтындар әлі жерде ойланулары қажет", — деген талап қойды. Семинарда облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі алқасының төрағасы Еркін Ебенбаев осы пікірді қостай келіп, былай деді:

— Кемшілікті өзгеден емес, өзімізден іздеуіміз керек. Қазақ тілін қолбала тілден қолбасшы тілге бүгін жеткізбесек, ертең кеш қалуымыз ғажап емес. Ана тіліміздің қаншалықты сорақы кейіпте тұрғанын көрсек те оған мән бермейтін, тіпті арланбайтын халге жеттік. Мемлекеттік тілге қазақтарға ғана керек тіл есебінде қараудың мезгілі өтті. Және де аударма тілге де айналдыруға болмайды.

Расында да, мемлекеттік қызмет тұтқасын ұстап отырған қазақ шенеуніктерінің ана тілін үйренуіне кім кедергі жасап отыр? Ешкім де. Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың мәліметтеріне көз жүгіртсек, мемлекеттік тілді оқыту орталығы арқылы өткен оқу жылында 80 топ (1600 тыңдаушы) ұйымдастырылыпты. 994 қазақ тілін үйрену үйірмелері жұмыс істейді. Олар 14288 тыңдаушыны қамтиды десек, оның 37,4 пайызы шенеуніктер екен. Жасыратыны жоқ, бұл бағыттағы шаралар кейде науқандық сипатта жүргізілетіндіктен, қаз жүзіндегі әдемі ақпараттарға етіміз үйреніп кеткен секілді. Сол үйірмелер мен топтарға ана тілін ежіктеп қана білетін шенеуніктердің келмейтінін қалай түсінуге болады?

Әділет департаментінде, керісінше, өзге ұлт өкілдеріне дейін қазақ тілін оқып-білуге барлық мүмкіндік жасалған. Облыстық, республикалық сайыстарға қатысып, жүлдегерлер қатарынан көрінуі де сондықтан. Мұның өзі мекеме басшысының Заң шеңберінде талап етіп, іс барысын тікелей өз бақылауына алып, жағдай жасап, "тілден биік асқар жоқ, тілден асқан байлық жоқ, тілден асқан терең теңіз жоқ" (Ғ.Мүсірепов) екенін жан жүрегімен жете түсінгені.

Киелі тілдің иесі бар

Асылы ОСМАН,
филология ғылымдарының кандидаты, "Мемлекеттік тіл" қоғамдық қозғалысы төрағасының орынбасары, Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі.

Елбасымыздың 2006 жылдың 30 мамырындағы Жарлығы қазақ тіліне жаңа серпін беріп, мемлекеттік тілдің мәртебесін биіктетті. Онда көп сөздіктен нақты іске көшуге, тілдің өз деңгейінде қолданыста болуына бағыт-бағдар берілген. Бұдан мемлекеттік тіл қарқын алып, қоғамға қазақы леп береді деп сенемін. Қазақ тілі толыққанды мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуға жол ашылды. Енді кезекте мекемелердегі қазақ тілінің жағдайы оңалып, қай ұлт өкілі болса да, өзі өмір сүріп отырған Отанына деген ішкі ниеті, тіліне деген құрметі артпақ. Мемлекеттік тілге деп қойылуы, қазақы құндылық пен қазақ тіліне бетбұрыс көңілге жылылық ұялатады.

Президент қазақ тіліне, ұлт тағдырына байланысты не айтар екен деген үміт үнемі жұртшылықтың көңілінде жүреді. Былтырғы Жолдаудағы, Ассамблея сессиясында сөйлеген сөздері ел қуткен елеулі оқиғалар еді. Қазақ тілі мен қазақ мәдениетінің мәселесі ең маңызды, ең өзекті. Осы туралы жақсы ойлар адамды алға жетелейді. Тәуелсіздігіне қолы жеткен ел тілінің де тәуелсіздігін ойлайды. Сондықтан да жақсылыққа жаршы болған Елбасымыз Н.Назарбаевтың Жарлығы жұртшылықты толғанысқа түсіріп, халықтың ең ісін көтеріп, тіл жанашырлары мен ниеттес жандардың арасында қолдау тауып отыр. Мәселені мемлекет басшысы өз қолына алды. Бұл көптің көкейіндегісі еді. Тіл мәселесіне қатысты талай жарлық пен қаулы-қарарлар шыққан. Алайда, дәл бүгінгідей қарқынды, шындыққа жақын сөз айтылмаған, еді. Бұл қоғам талабына орай келген қиын болса да оң қадам.

Ресей президенті "Өз тілінде сөйлемеген елдің болашағы бұлыңғыр екендігін" айтып, орыс тілінің мәртебесін көтеріп отыр. Гегель: "білімділіктің ең негізгі факторы — туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады" деп бекер айтпаған. Ал бізде қазақ тілі туралы айта бастасаң, кейбіреулер "Ұлтаралық қарым-қатынасқа сызат түсіріп, ұлт араздығын тудырайын деп тұрсың" деп дүрсе қоя береді. "Орыс тілінен үзілді-кесілді бас тарту дұрыс емес" деп өзіне бөле салады. Тіпті, орыс тілінен бас тарт деген Қазақстанда бір жан жоқ. Мұндай сөзді айтатындарға таңмын. Тіл — таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған еліннің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің.

Елбасымыздың Жарлығы, Астанадағы өткен дөңгелек үстел қазақ тілінің мәртебесін биіктетіп, ара алшақтығын жақындатты. Билік басындағылардан қысым көріп отырған мемлекеттік тілді азаптан арылтуға себін тигізіп, қорлаудан құтқаратын да осы Жарлық болар деген үкілі үміттемін.

Тілдерді оқытудың жай-күйін реттеп, орыс сыныптарындағы қазақ тілінің сағат санын арттыру қажет. Туған анадан кейін балаға ана тілін үйрететін екінші ана — бала бақшаларды көбейту, мектептің рөлін, оқу орындарының орнын саралау — мемлекеттік тілдің беделін көтерудің бір көрінісі.

2010 жылға дейін іс-қағаздарын бүтіндей мемлекеттік тілге кезеңкезеңімен көшіру аяқталады. Барлық қатынас қағаздарының қазақ тілінде жүргізілуі, өз тіліңмен өмір сүруге шақыру жұртшылықты қанаттандырады. Мемлекеттік қызметте істегісі келгендер еріксіз өзі үшін қазақ тілін үйренуге құлықты болады. Мемлекеттік тілді білуге, меңгеруге ұмтылады. Әрбір нормативтік-құқықтық заңдар мен талаптарды орындайды.

"Мемлекеттік тіл мәртебесін көтеріп, қолданыс аясын кеңейту мақсатында енді көптеген іс-шаралар атқарылады" деген министр Е.Ертісбаевтың сөзі де секемді сейілтті. Қазақы рухты асқақтатып, мемлекеттік тілді өз тұғырына қондыруға осылайша басшы да, қосшы да болып баршамыз ат салысқанымыз абзал. Демократиялық принциптерді пайдалана отырып, ұлт мүддесі биік ұстануға тиісті. Бұл Жарлық қоғам үшін маңызды, халық игілігіне бағытталған, берері мол, жауапкершілігі зор шара екенін айғақтады. Ниетті түзеп, намысты оятып, заң жүзінде жұмыс атқарылса, қазақ тілі қалтарыста қалмай, толыққанды мемлекеттік тіл рөлін атқарары хақ. Сонда орынсыз байламға да байлау болары анық.

Иә, тілге дүрмекпен емес, құрметпен келуге талпынар еді. Естеріңізде болар, бұрын орыс тілін үлгермегендер сыныптан сыныпқа көшірілмейтін. Қоғам талабына орай осы әдісті заңды түрде қазақ тіліне неге қолданбаска? Мұғалімдердің де жауапкершілігін арттырып, мәртебесін көтеру негізінен Білім және ғылым министрлігінің ұстанымына, жүйелі жұмыстарына байланысты. Оны бәрі де біледі. Олай болса, бұл мекеме оқу жүйесіне, тілді толық меңгеруге ерекше жауапкершілікпен қарауға тиісті.

Тіл саясатындағы жүргізілер істерді бір арнаға бұрған жөн. Тілдік басымдықты мемлекетті құрап тұрған халықтың мүддесіне сай бұру керек. Елбасымыз салып берген даңғыл жолды дұрыс пайдаланып, орыс сыныптарындағы қазақ тілінің сағат санын арттыру керек. Ең кемі аптасына 6 сағатқа көбейтілсе дейміз. Мұғалімдер тіл саясатын жүзеге асыруда басты рөл атқаратын тұлғаға айналсын. Қазақ тілі оқытушыларын көп дайындау керек.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде баршамызға ортақ. Оны Қазақстан азаматы ретінде күллі қазақстандықтар білуге міндеттіміз. Адами парызымыз, азаматтық борышымыз. Бірақ талап, қажеттілік, сұраныс болмаған соң, мән берілмейді.

Дегенмен, жылжудың, қозғалыстың барына, өзге ұлт өкілдерінің кейбір жастарының бет алыстарына, өзіміздің ұл-қыздарымыздың мойындағандарына шүкіршілік етемін де, қазақ тілінің келешегіне сенемін. Қазақ тілін үйренуге мәжбүрлік болса, бәрі біртіндеп орнына келері хақ.

Қазақстанда қазақ пен өзге ұлт өкілдері теңдікте, бірдей құқықты. Тілге келгенде, басымдық өзгеде, басқа тілде. Енді мемлекеттік тілді басты назарға алып, басымдықтың қазақ тіліне берілгені дұрыс. Өйткені, мемлекеттік тіл барша Қазақстан тұрғындарына ортақ. Мемлекеттік тілдің жағдайын, өзге елдер тілінің жайымен салыстыра отырып қарағанымыз жөн болар. Өзге мемлекеттердің тілдік тәжірибелерін пайдаланса жөн.

Біз тәуелсіздіктің туын тіктік, елдік пен бірлікті білдік, дербес ел болдық. Ендеше, тәуелсіз елдің негізгі бір көрсеткіші, тірегі — тілі. Олай болса, ол тіл де дербес тәуелсіз болуға тиісті. Қазақстанның тілдік жағдайын ескере, осы мемлекеттің барлық азаматтары қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуге міндетті деген нақты талап қойылатын кез келді деп ойлаймын.

Тілі олақ, ойы шолақ

аудармашылар қатарын қалай сейілтуге болады?

Өңірлік жиын аударма мәселелеріне де арналғандықтан, бұл саладағы жетістіктермен қатар қордаланып қалған проблемалар да кеңінен қозғалды. Баяндамашылардың ойы бір жерден шықты.

Әзірше іс-қағаздарын аудармашылардың көмегімен дайындау қажеттіліктен туындап отыр, алайда аудармаға ғана арқа сүйеу көсегені көгертпейді. Кейде басшылар бір-бір аудармашы ұстау арқылы мемлекеттік тіл мәселесін заматта шешіп тастағылары келеді. Бұған дейін іс-қағаздар орысшадан тәржімаланып келсе, енді қазақшадан аудару қажеттілікке айнала бастады. Соған орай аудармашыларға қойылатын талап та өзгеше, — десті жарыссөзге қатысқандар.

Ө.Ақыпбекұлы, Әділет министрлігі мемлекеттік тіл басқармасының бастығы:

— Басқару органдарындағы мемлекеттік тіл ауыртпалығын аудармашылар арқалап келеді десем, артық айтқандық емес. Алайда, барлық аудармашылар биік талап деңгейінен көрініп жүрген жоқ. Тілі олақ, ойы шолақ тәржімашылар әлі де кездеседі.

Саяси аударма мен еркін аударма болмаса публицистикалық, яғни көркем аударманың ара-жігін ажырата алмағандықтан қойыртпақ қылып жібереді. Іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізу жаппай қолға алынғанымен, құжат нұсқаларын аударумен ғана шектеліп жүрміз. Көкейкесті мәселенің бірі — ендігі жерде қазақшадан орысшаға аударатын мамандар даярлау. Бір парақ түгіл, бір сөйлемді жазса да әр маман өзі құжат әзірлесе, тіпті жақсы.

Іс жүргізу мемлекеттік тілге көшірілгенімен, кадр мәселесі шешілмегендіктен, бар міндетті аудармашыға немесе мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі маманға қосымша жүктей салу әдетке айналған. Бұл олқылықтар бірнеше жыл көлемінде жойылмай келеді. Бар ауыртпалықты аудармашының мойнына жүктеп қойсақ, жетілудің орнына кетіле түсеміз.

Ендігі бір міндет — мемлекеттік тілдегі құжаттардың сапасына көңіл бөлу. Сапасыздыққа не себепті ұрынамыз? Біріншіден, екі тілге бірдей жүйрік, әсіресе, қазақшадан орысшаға тәржімалайтын мамандар аз. Екіншіден, аудармаға шығармашылық тұрғыдан қарау көзқарасы жетісе бермейді. Үшіншіден, дайын үлгілер ұтымды пайдаланылмайды, оның үстіне көпшілік қолына уақтылы жетпейді. Жыл өткен сайын аудармашыға қойылатын талаптың ауырлап бара жатқанын ұмытпауымыз керек. Әдістемелік құралдар әзірлеп қана қоймай, практикалық көмектер ұйымдастыруды қолға алу керек.

С.Ысмайылов, облыстық жылжымайтын мүлік орталығының директоры:

— Біздің мақсатымыз мемлекеттік тілде жұмыс істеп, құжаттарды алдымен қазақ тілінде әзірлеу болғанымен, аударманы ғана малданып жүргендер баршылық. Әзірге мемлекеттік тілдің дамуы аудармашы-мамандардың күшімен орнығып келе жатқанын жоққа шығаруға болмас. Аудармашылар аударма жұмысының белгілі бір принциптерге негізделетінін біле бермейді. Әйтеуір, аударып берсек болды деген үстірт пиғыл басым.

Қ.Ыбыраев, облыс прокурорының бірінші орынбасары:

— Өз тәжірибеме келсем, кей жағдайда аудармамен айналысуға тура келеді. Себебі, құрылымдық бөлімдерде ана тіліне жетік мамандар саусақпен санарлық. Соның салдарынан іс-қағаздары көбіне орысша дайындалады. Ал аудармасы ала-құла. Орыс тілді іс қағазының стилін көшіріп алып жатырмыз.

Менің ойымша, аударма ісін сапалы жүргізу үшін аудармашылар бір жерде 2-3 жыл жұмыс істеп, шыныңуы керек. Сауатты аудармашы болу үшін екі тілді білу жеткіліксіз. Қазақ тілінде ойлай білудің маңызы зор.

Тағы бір айтарым, көп жерлерде компьютерлік жүйе арқылы мемлекеттік органдарда қолданылатын аудармашы бағдарламасының жоқтығы. Әдістемелік құралдар, сөздіктер аз.

Е.Сейдімбеков, облыстық әділет департаментінің бастығы:

— Заңның қай бабын алсақ та, орыс тілінің қазақ тілімен тең қолданылатындығы көрсетілген. Осыған арқа сүйеген қызметкерлер де, аудармашылар да қазақ тілін аударма тіл ретінде ғана санайды. Бұл жағдайда мемлекеттік тілді қолданбапсың деп кінә тағу қиын. Бірақ, құжаттарды алдымен мемлекеттік тілде дайындап, керегіне қарай орысшаға аударсақ, кім қой дейді?

Көркем әдебиетті көп оқып, заң, ғылым, техника тілін игере білген жаннан ғана нағыз аудармашы шығады. Ауызекі тілді меңгеріп алып, аудармашылықты "нан табу" құралына айналдырғысы келетіндерге тоскауыл қоймай болмайды.

Е.Ебенбаев, азаматтық істер жөніндегі алқаның төрағасы:

— Терминком бекіткен сөздердің бәрі көңілге қона бермейді. Бекіткен екен, сол қалыпта қолданылуы тиіс қой. Қылмыстық істі жүргізу Кодексінде "свидетель" сөзі бірде "куә", бірде "куәгер" деп аударылады. "Понятой" сөзі де "куә", "куәгер" болып жүр. "Привод" сөзі де әркілы аударылған.

Өзекті өртейтін өкініштің бірі қазақтың небір сұлу сөздері ұмытылып барады. Оның есесіне құлаққа түрпідей тиетін, ұғымға ауыр сөз тіркестері қаптап кетті. Аудармашы-мамандар сөздерді қалай болса солай қолданып, тіл тазалығына нұқсан келтіріп жүр.

Иә, сауатты да білгір аудармашылар дайындауға жеткілікті түрде көңіл бөлінбей келе жатқаны рас. Олардың біліктілігін арттыратын, тәжірибесін шыңдайтын арнаулы курстар мен оқулар сирек ұйымдастырылады. Түрлі сайыстар арағідік өткізіледі. Аудармашының мәртебесін арттыру туралы мәселе қанша қойылса да, естір құлақ болмай тұр.

Аудармашыларға қойылатын талап, артылатын міндет ауырламаса, жеңілдемесі анық. Уақыт осыған үңдейді. Елбасы Жарлығында нормативтік-құқықтық актілер, лауазымды тұлғалардың сөйлейтін сөздері, қызмет бабында пайдалануға арналған құжаттар ең алдымен мемлекеттік тілде дайындалуға тиістілігі атап көрсетілді. Олай болса, аудармаға ғана арқа сүйеу, соны ғана малдану алысқа апармасы, көсегемізді көгертпесі анық. Қазақ тілін "қолбала" тілге айналдырып, есіктен ғана сығалатып, төрге оздырмай жүрген мемлекеттік басқару органдары басшыларының тізгінді тартып, шындап ойланатын кезі келді. Ертең оның сұрауы қатты болады.

Солтүстік Қазақстан облысы.

Жүйелі жұмыстар жүргізілуде

Баспасөз бетінде жарияланған Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы жаңа Жарлығы дер кезінде өмірге келіп отырған үлкен құжат.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруде Астана қаласының Тілдерді дамыту басқармасы аукымды жұмыстар атқарып келеді. Дегенмен, қоғамның барлық саласында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейте түсу үшін оның орындалу тетігі болу керектігі де заңдылық. Осы тұрғыда жаңа Жарлықта "Мемлекеттік тілді елдің мемлекеттік басқару, заңнама, сот ісін жүргізу салаларында, Қарулы Күштері мен құқық органдарында, халықаралық қызметінде қолдану жөніндегі шараларды жүзеге асыру және қабылдау қажет" деп нақты айтылған. Бұл, екінші сөзбен айтқанда, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын күнделікті өмірге енгізуге одан әрі тың пәрмен беріп отыр.

Жасыратыны жоқ, Қазақстан Республикасының Президенті тарапынан барлық заңдық тетіктер жүзеге асырылып, тілдің жанжақты дамуына мүмкіндіктер туғызылып отырғанымен, біздің қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесі өз дәрежесіне көтерілмей отыр. Оған бірден-бір себеп, қазақ тілінің биліктің жоғарғы органдарында қолға алынып, қажеттілікке айналмай отырғандығы. Сөз болып отырған Жарлықта осы мәселе де ескеріліп, мемлекеттік органдардағы іс жүргізуді, есептік-статистикалық, қаржылық және техникалық құжатнаманы 2010 жылға дейін мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен көшіру жұмыстары нақтыланған. Мәселен, Астана қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге 2007 жылы көшуі туралы тұжырыммен толық келісуге болады. Өйткені, дендеп жұмыс жүргізілген жерде нәтиже ойдағыдай болатынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Ұзын арқан, кең тұсаумен іс өнбейтініне анық көзіміз жете бастады. Біздіңше тілге деген қажеттілік тууы керек. Сонда ғана адамдардың психологиясы өзгеріп, мемлекеттік тілдің тіршілік етуі үшін керек екенін сезіне біледі.

Жарлықтағы тағы бір көңіл аударатын мәселе — мемлекеттік тілді оқыту жайы. Тіл үйрену үшін белгілі бір тілдік орта болуымен қатар, оны оқып-үйренудің мүмкіндіктері қарастырылуы қажет. Ал ол балабақшадан бастау алғаны жөн. Осыған байланысты "Білім беру және тілді оқыту салаларындағы тілдік даму" деген тарау "өскелең ұрпақтың рухани-имандылық дамуы және елінің мемлекеттік тіліне деген қызығушылығын арттыру мақсатында мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды қазақ тіліндегі көркем, танымдық әдебиетпен, әдістемелік құралдармен, мерзімді басылымдармен толық сапалы қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлу қажет" деп толықтырылған болатын. Алайда, кейінгі кезде "қаржы, медицина, техника салаларының терминдерін аударуға қазақ тілінің сөз байлығы жетпейді-міс" дейтіндер де табылып жүргенін жоққа шығара алмаймыз. Осындай орынсыз айтылатын үстірт пікірлерге тосқауыл қою мақсатында жаңа құжатта "Лингвистика мамандарын тарта отырып және бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін кеңінен пайдалана отырып, қазақ терминологиялық лексикасын біріздендіруді қалыптастыру жөніндегі жұмыстарды жетілдіру" керектігі де жақсы айтылған.

Жаңа Жарлықта бұдан басқа да Тілдерді дамыту басқармасының күнделікті өмірдегі мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге байланысты басшылыққа алатын тұстары баршылық. Бұл біздің жұмысымызға соны серпін беріп, белгіленген міндеттерді жүзеге асыруға жаңа мүмкіндіктер ашатын құжат деп есептейміз.

Сонымен қатар, жұмыс барысында жиі ұшырасып жүрген кейбір қиындықтарды да тілге тиек етуді жөн көрдік. Қоғамымыз нарыққа дендеп енген сайын көшелердегі көрнекті ақпараттар мен жарнамалардың көбейе түскенін жұртшылық байқап жүр. Көбіне осы атаулар мен көрнекіліктер Әділет басқармасында тіркеліп, шет ел тілінде жазылып, ілініп қойылады. Ал оларды алдырып тастау, жауапкершілікке шақыру мәселесі заңда нақты көрсетілмеген. Сондықтан енді алдағы уақытта әкімшілік кодексте де толықтырулар мен өзгерістер енгізілсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Бүгінгі таңда Елбасының өзі әлемдегі ең дамыған елу елдің қатарына қосылу міндетін қойып отырған кезде көп ұлттылығымызды тілге тиек ете бермей, мемлекеттік тілдің пәрменді дамуына көп болып ат салысып, осы бағытта бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара бірлесе жұмыс жүргізсек деймін. Қазақ тілі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Ол осы елде өркендеп, дамуы тиіс. Оны осы елдің әрбір азаматы көздің қарашығындай қорғап, мәртебесінің биіктеуіне барынша үлес қосуы міндетті.

Әрине, бұл күрделі де күрмеуі қиын мәселе екені түсінікті. Алайда, қай кезде де елдік, елдің тұтастығы мен бірлігін сақтау жайы біздің ата-бабамызға да оңай болмаған. Ал тіл мемлекеттіктің ең басты атрибуты екенін ескерсек, бұл мәселенің құндылығы мен маңыздылығы одан сайын арта түседі. Найзаның ұшымен, алмастай отты жырларымен халқының қамын ойлаған Махамбет ақын:

"Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку, еңку жер шалмай,
Ерлердің ісі бітер ме?" дегенде "қара қазан, сары баланың" болашақ қамы үшін қиналғанын көреміз.

Елбасының "Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде" деген сөзі тегіннен-тегін айтылмаса керек. Сондықтан тіл бар жерде қазақ бар, болашақ бар, мемлекет бар. Осыны әрқашан естен шығармасақ екен.

Оразғұл АСАНҒАЗЫ,
Астана қалалық Тілдерді дамыту басқармасының бастығы.

Жұмысымызға соны серпін әкелмек

Республикада жүзеге асырылып отырған мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру — әрбір азаматтың парызы" тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтіп, оған отандық лингвист-ғалымдармен қатар Өзбекстаннан, Украинадан, Литвадан, Мәскеуден ғалымдар қатыстырылды.

Тіл — ұлттың әрі жаны, әрі ары десек, айтыс өнерінің қазақ тілін дамытудағы рөлінің ерекше екенін қазақ баласына түсіндіріп жатудың өзі артық сияқты. Дегенмен, жоғарыда аталған аймақтық бағдарламаны жүзеге асырудың алғашқы жылғы шеңберінде жергілікті өкілді және атқарушы органдардың қолдауымен, бизнес өкілдерінің демеушілігімен өткізілген "Елбасының Жолдауы — елдіктің арқауы" атты халықаралық айтыстың да мемлекеттік тілге жете көңіл бөлмей келе жатқан қандастарымызға үлкен ой салғандығын айта кеткіміз келеді.

Басқарманың тапсырысымен облыс тұрғындары арасында өңірдегі жалпы тілдік ахуалға, соның ішінде халықтың мемлекеттік тілге деген көзқарастарына "Аркаим" ғылыми-зерттеу институты жүргізген сараптамалық талдаудың нәтижесі көрсеткеніндей, облыс тұрғындарының басым бөлігі мемлекеттік тіл саясатын қолдайтындықтарын көрсетіп, қазақ тілін оқып-үйренуді өздерінің парызы деп, оның қолданыс аясының кеңейтілуін бірінші кезектегі мәселе ретінде бағалап отыр. Осы бағытта жүргізіп отырған қызметімізде облыстағы Қазақстан халықтары кіші ассамблеясы, ұлттық-мәдени бірлестіктері мүшелерінің тарапынан да қызу қолдау тауып келеміз. Биылғы жылғы құрылған мемлекеттік тілді оқытып-үйрететін 39 топтағы тыңдаушылардың 60 пайыздан астамын өзге ұлт өкілдері құрап отыр. Өзге ұлт өкілдерінен ана тілдерімен қатар мемлекеттік тілді жетік меңгергендердің есімдері зор құрметке ие. Солардың қатарында Орал қалалық тілдерді дамыту бөлімінің меңгерушісі Любовь Еремина, Махамбет атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ тілі кафедрасының оқытушысы Наталья Алмағамбетова, жағрафия кафедрасының оқытушысы Зоя Сахарнова, Орал қалалық сотының соты Светлана Яковлева сияқты мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға ат салысып жүргендер де аз емес.

"Ел боламын десең — бесігінді түзе" деген дана халқымыз. Мемлекеттік тілді оқытып-үйретуді балабақшалардан бастау қажеттігі жөніндегі Президенттің сұхбатында айтылған сөздері біздің де көкейіміздегіні деп басып отыр. Осы мақсатта тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жөнсіз жекешелендіріліп кеткен облыстағы балабақшаларды мемлекет меншігіне қайтару жолдары қарастырылып, иесіз бос тұрғандарын күрделі қатар, қазақ тілінде тәлім-тәрбие беретін балабақшалардың санын көбейту ісі де біртіндеп жолға қойылып келеді. Мысалы, 2005 жылы Орал қаласындағы балабақшалардың орыс тіліндегі 24 тобының орнына қазақ тілінде тәрбиелейтін 19 топ ашылды. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының биылғы жылғы жоспарына сай жаңадан 28 балабақша (соның ішінде 24-і аудандарда, төртеуі Орал қаласында) ашу межеленді. Жуырда қалада қазақ тілінде тәрбие беретін "Айгөлек" балабақшасының салтанатты ашылуы белгіленген меженің толықтай орындалатынына күмән келтірмейді.

Шолпан ҚЫДЫРНИЯЗОВА,
Батыс Қазақстан облыстық Тілдерді дамыту басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.